



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның  
баяндамалар жинағы  
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК  
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической  
конференции  
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО  
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical  
Conference  
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE  
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

**УДК 336.1**  
**ББК 65.052а73**  
**С 23**

**Г** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security" = Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

**ISBN 978-601-337-664-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-664-6**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2022

Бас компанияға келетін кезеңдегі акцияға арналған базалық және бөлінген пайда (мың теңгемен)	0,31	0,13
--	------	------

Қорытындылай келе, аталған жыл ішінде “ҚазТрансГаз” Акционерлік Қоғамында 2019 жылғы бүкіл әлемдік Covid-2019 пандемиясына байланысты қаржылық қиындықтар пайда болғанын байқай аламыз. Сол себепті “ҚазТрансГаз” АҚ бағалы қағаздарды айналымға шығарған және Еуропалық қайта құру және даму банкінен үлкен көлемде қарыз алған.

Сонымен қатар, “ҚазТрансГаз” АҚ қаржылық қиындықтарға байланысты компания 2019 жылы өз акционерлеріне дивиденд төлеудер бас тартқан, оның себебі компанияның қаржылық жағдайын бір қалыпты ұстап тұру болып саналған. Бірақ, 2020 жылғы 23 наурызда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық ұлттық компанияларға 2019 жылғы пайданың 100% - ын ел бюджетіне төлеуді тапсырды. Бұл тапсырма коронавирустық пандемия мен ішкі карантинге байланысты дағдарысқа қарсы шараларға байланысты болды. Сол себепті “ҚазТрансГаз” АҚ өзінің 7,05% үлесте таза табысын ел бюджетіне құйды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "ҚазТрансГаз" АҚ ресми сайты - <https://www.kaztransgas.kz/index.php/kz/>
2. ГосРеестр (gosreestr.kz) - [ГосРеестр \(gosreestr.kz\)](https://gosreestr.kz/)
3. Қазақстан қор биржасы <https://kase.kz/>
4. ҚазТрансГаз жылдық есебі. [https://kaztransgas.kz/images/01\\_reports/ktg\\_annual\\_report\\_2017-kaz.pdf](https://kaztransgas.kz/images/01_reports/ktg_annual_report_2017-kaz.pdf)
5. Компанияның жекелеген қаржылық есептілігі [https://www.kmg.kz/uploads/documents/reports/2016/kaz/kfo\\_cons\\_20161231\\_kaz.PDF](https://www.kmg.kz/uploads/documents/reports/2016/kaz/kfo_cons_20161231_kaz.PDF)

### «ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Серікбай Назерке, Амангелді Нұрай, Табылдиева Айжан*

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қ,

Қазақстан Республикасы

E-mail: nurai.amangeldy135@gmail.com

**Ғылыми жетекші:** *Жахметова Айнура Каиржановна*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

**Аннотация:** Әрбір елдің арнайы мемлекет тапсырысымен арнайы жұмыс жасайтын ұлттық компаниясы болады. Қазақстан Республикасында бұл технологиялық әлеуетті тиімді дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық шешімдер мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттіліктерін сапалы қанағаттандыру үшін өнім шығаратын «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ. Бұл мақалада «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ жүргізілген мемлекетті аудит нәтижелері мен қаржылық жағдайы, пандемия кезіндегі жасалынған жұмыстардың қорытындысы көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ, мемлекеттік аудит, стратегиялық бағыт, активтер, қорлар, кірістер.

**Аннотация:** В каждой стране функционирует национальная компания, которая работает по специальному государственному заказу. В Республике Казахстан такой компанией является АО «Казахстан инжиниринг» национальная компания», выпускающая конкурентоспособные высокотехнологии путем эффективного развития технологического потенциала и продукцию для качественного удовлетворения потребностей вооруженных сил Республики Казахстан. А также данной статье представлены результаты государственного аудита, проведенного во время пандемии в АО «Казахстан инжиниринг» национальная компания».

**Ключевые слова:** АО «Казахстан инжиниринг» национальная компания», государственный аудит, стратегическое направление, активы, фонды, доходы.

**Annotation:** Each country has a national company that operates under a special state order. In the Republic of Kazakhstan, this is JSC "National Company"Kazakhstan Engineering", which produces competitive high-tech solutions through the effective development of technological potential and products for the qualitative satisfaction of the needs of the armed forces of the Republic of Kazakhstan. This article presents the results of the state audit conducted by JSC "National Company"Kazakhstan Engineering", the financial condition, the results of the work done during the pandemic.

**Keywords:** JSC "National Company"Kazakhstan Engineering", state audit, strategic direction, assets, funds, income.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (Қазақстан инжиниринг) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 «Қазақстан Республикасының әскери-өнеркәсіптік кешенінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, елдің қорғаныс-өндірістік кешенін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында құрылды.

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 «Қазақстан Республикасының әскери-өнеркәсіптік кешенінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, елдің қорғаныс-өндірістік кешенін басқару жүйесін

жетілдіру мақсатында құрылды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен әскери зауыттарын Қоғам құрамына қосу арқылы. Оның миссиясы: технологиялық әлеуетті тиімді дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық шешімдер мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттіліктерін сапалы қанағаттандыру үшін өнімдермен қамтамасыз ету.


Миссия мен пайымды тиімді іске асыру үшін қоғам келесі стратегиялық бағыттар бойынша белсенді іс-әрекеттерді жоспарлай отырады:



Сурет 1. Миссия мен пайымды тиімді іске асыру үшін қоғамның стратегиялық бағыттары

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ шоғырландырылған активтері 2020 жылдың аяғында артып, 143 млрд. теңгені құрады. Активтердің өсуі салыстырғанда 2019 жылмен салыстырғанда 14% - ға.

Активтерінің құрылымында ұзақ мерзімді активтер құрайды 59,8 млрд. теңгеге немесе 42% - ға, соның ішінде негізгі құрал-43,6 млрд. теңге немесе 30,5% - ға активтерінің жалпы сомасының инвестициялар; бірлескен және қауымдасқан кәсіпорын 7,16 млрд. теңге немесе 5%, басқа да активтер 1,85 млрд. теңге.



Сурет 2. «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ шоғырландырылған активтері

Қысқа мерзімді активтер құрады 83,3 млрд. теңге немесе 58% - ға, соның ішінде тауарлық-материалдық қорлар – 15,6 млрд. теңге немесе 11% - ға, ақшалай қаражат – 30,7 млрд. теңгеге немесе 21,5% - ға.

#### Кесте 2

2020 жылғы "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-ның жарғылық капиталы туралы мәліметтері

Жарғылық капитал, тг.	56 230 528 000,00
Мем.салым, тг.	56 230 528 000,00
Мем.қатысуы, %	100,00
Тіркеуші	"Ақпараттық-есептеу орталығы" АҚ
Бос салым, тг.	29 953 726 000,00
Бос акциялар, дана	29953726
Жүктелген акциялар, дана	26276802

Коронавирустық дағдарысқа қарамастан, компания өнімді сатудан түскен кіріс көлемін арттырып, соңғы 5 жылда алғаш рет таза пайдаға қол жеткізді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда көрсеткіші 464 млн.теңгені құрады.

"Қазақстан инжиниринг" ҰК " АҚ 2019 жылы бекітілген даму стратегиясын ұстанады, оның басты мақсаты компанияны өзінің еншілес кәсіпорындары үшін ғана емес, бүкіл қазақстандық қорғаныс өнеркәсібі кешені үшін құзыреттер орталығы ретінде қалыптастыру болып табылады.

#### Кесте 3

2020 жылғы "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-ның операциялық және қаржылық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	2020	2019 жылға қарай 2020 жылдың серпіні
<b>Өнімді сатудан түскен кіріс</b> (млрд. теңге)	71	84	108	87,7	99,9	114%
<b>Активтер</b> (млрд. теңге)	84	75	83	121	143	118%
<b>Қаржылық нәтиже</b> (млрд. теңге) *	-3	-4	-2,6	-6,9	0,46	
<b>Еңбек өнімділігі</b> (мың теңге/адам) **	14478	17890	23935	20831	21965	105%

\* қаржылық нәтиже = азшылық үлесін шегергенге дейінгі таза кіріс



2018 жылы еліміздің машина жасау саласындағы "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-ның үлесі 10%-дан асты. 2012 – 2018 жылдары кіріс 52 млрд. теңгеге өсті. Соңғы жылдары кірістегі экспорт үлесі 7-10% деңгейінде.

Компанияның халықаралық компаниялармен халықаралық ынтымақтастық тәжірибесі бар. 2010 жылы "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ және "Airbus Helicopters" (Airbus Group концернінің еншілес компаниясы) "Еурокоптер Қазақстан инжиниринг" ЖШС бірлескен кәсіпорнын құрды, ол ТМД аумағында ЕС145 тікұшақтарын құрастыру және оларға қызмет көрсету бойынша жалғыз зауыт болып табылады.

2013 жылы "Қазақстан Аселсан Инжиниринг" ЖШС бірлескен Қазақстан-Түрік зауыты іске қосылды. Зауыт АҚШ, Израиль және Еуропа өндірушілерімен тең бәсекеге түсе отырып, жоғары технологиялы электрондық-оптикалық аспаптар шығарады. Оның негізгі өнімдері күндізгі және түнгі нысаналар, түнгі көру аспаптары, жылуға ден қойғыштар, байланыс жүйелері, барлау аспаптары болып табылады.

2011 жылдан бастап "С.М. Киров атындағы зауыт" АҚ-да мобильді және стационарлық байланыс жүйелері мен олардың құрамдастарының оннан астам типі, полигондық жабдықтың 5 түрі әзірленіп, күш ведомстволарына беріліп жатыр. "Отау-ТВ" цифрлық қосымшаларының ірі сериялы өндірісі игерілді, ҚР цифрлық теледидар мен радиохабар таратуды басқару жүйесінің жобасы "дайын күйінде" іске асырылды. Теміржол саласы мен мұнай-газ кешені үшін автоматика және өнеркәсіптік электроника құралдары әзірленіп және өндіріліп жатыр. 2016 жылы "С.М. Киров атындағы зауыт" АҚ-да 5-ші сыныпты дәлдігі бар баспа платаларының өндірісі жолға қойылды. Көп қабатты баспа платалары мен солардың негізінде жасалатын бұйымдардың сериялық өндірісін іске қосу жоспарлануда.

"Тыныс" АҚ зауытында "Цифрлық зауыт" жобасын өндіру жұмысы басталды, оның шеңберінде процестерді автоматтандыру, персоналды басқару үшін цифрлық орта құру жоспарлануда.

"Гидроаспап" ҒЗИ" АҚ мына өнімдердің: жоғары жылдамдықты "Сағым" катерінің, өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін паромдардың, "Қажымұқан" мұзжарғыш-сүйрегіш катерінің, мобильді контейнерлік сүнгүйр кешендердің құжаттамасын жасап, олардың өндірісін игерді.

"Мұнаймаш" АҚ мұнай ұңғымаларындағы бұрғылау құбырларында қолданылатын жаңа өнім – механикалық пакер өндіруді жолға қойды. 2021 жылға қарай Қазақстан мен ТМД-ның мұнай өндіруші және сервистік кәсіпорындары үшін осы бұйым түрінің 1 мың бірлігіне дейін шығару жоспарланып отыр. 2013 жылы зауытта "Өнімділік 2020" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өндірісті жаңғырту бойынша инновациялық жоба енгізілді. Жапония, Бразилия және АҚШ өндірісінің 12 бірлік механикалық өңдеу жабдығы сатып алынды. Жобаны жүзеге асыру өнімнің сапасын арттыруға, механикалық өңдеу бойынша өнімділікті 5,3 есеге ұлғайтуға, өнімнің өзіндік құнын 20% төмендетуге мүмкіндік берді.

2017 жылы "ПАМЗ" АҚ компаниясына 265 млн. теңгеден астам сомаға жылу алмасу жабдығын беріп, "Теңізшевройл" ЖШС-ның жобасы шеңберіндегі

тапсырысты сәтті орындады. Сондай-ақ компания "Жоғары технологиялар институты" ЖШС компаниясының тапсырысы шеңберінде жерасты ұңғымаларын химиялық өңдеу үшін қолданылатын жылжымалы қондырғының тәжірибелік үлгісін әзірледі. "ПАМЗ" АҚ өндірісті жаңғырту бойынша жобаларды іске асыра бастады, оның шеңберінде механикалық өңдеу, дайындау, пісіру, термиялық және бақылау-өлшеу жабдықтары бойынша 39 бірлік жоғары технологиялы жабдық сатып алынды.

2015 – 2019 жылдары "Зенит" Орал зауыты" АҚ "Маңғыстау" зымыран-артиллериялық кораблін, "Барс" жобасының екі кораблін, FC-19 жобасының жылдамдықты катерін, арнайы мақсаттағы бөлімшелер үшін жаңғыртылған арнаулы катерді суға жіберді және тапсырыс берушіге тапсырды, өміршендік бойынша оқу-жаттығу станциясы дайындалды, ҚР ҰҚК Шекара қызметі үшін "Көгершін-650" және "Көгершін-450" жобаларының арнайы мақсаттағы катерлері игерілді. 2016 жылы "Құрғақ салмағы 600 тоннаға дейін жаңа сыныпты кемелерді және басқа да ірі габаритті өнімді шығаруды игеру үшін теңіз кеме құрылысын дамыту" инвестициялық жобасын іске асыру аяқталды. 2017 жылы "Дайындау өндірісін жаңғырту" инвестициялық жобасын іске асыру басталды.

2018 жылы "KADEX - 2018" V Халықаралық қару-жарақ және әскери-техникалық мүлік көрмесі шеңберінде қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа бағытталған бірқатар құжаттарға қол қойылды. Компания Thales француз өнеркәсіптік тобымен Ынтымақтастық туралы меморандум жасады. Броньды машиналар мен басқа да көлік құралдарының өндірісін бірлесіп дамыту мақсатында "Otocar" түрік компаниясымен Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-ның еншілес ұйымдары ынтымақтастық туралы, оның ішінде ірі халықаралық компаниялармен ынтымақтастық туралы 20-дан астам құжат жасасты.

Компания мемлекеттік қорғаныс тапсырысын сәтті орындай отырып, елдің Қарулы Күштерінің қару-жарақ пен әскери техникаға қажеттіліктерін сапалы және уақтылы қамтамасыз ете отырып, отандық қорғаныс өнеркәсібінің флагманы рөлін сақтайды.

Өндірістік база мен ғылыми-техникалық құзыреттерді дамыту есебінен өнімнің жаңа түрлері меңгерілді. Атап айтқанда, зауытта атыс оқ-дәрілері өндірісінің бірінші кезегі "Steel manufacturing" ЖШС іске қосылды.

Пандемия жағдайында қазақстандықтардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі Ұлттық Жоспар шеңберінде "Қазақстан ASELSAN Инжиниринг" ЖШС базасында өкпені жасанды желдету аппараттарының өндірісі ұйымдастырылды.

2020 жылы барлығы 1500 ИВЛ аппараты өндірілді, олар Барлық облыстар мен Республикалық маңызы бар қалалардағы 297 ауруханаға жеткізілді.

Тарихи тұрғыдан тыныс алу жабдығын өндіруге маманданған "Тыныс" АҚ 1190 бірлік ұтқыр ИВЛ аппараттарын шығарды. Туындаған шұғыл қажеттілікті өтеу үшін зауыт тәулік бойы үш ауысымдық жұмысқа ауыстырылды. Кәсіпорын медициналық маскалар өндірісін де жолға қойды.



## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ ресми сайты: <https://ke.kz/>
2. Мемлекеттік мүлік тізілімі ресми сайты: [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz)
3. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1100001356>

### ОСОБЕННОСТИ АУДИТА ЭФФЕКТИВНОСТИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Дюсенбаева К.Н., Тукинова И. М., Бағланова Р. Б., Муратов Н. Б.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.Нур-Султан,  
Республика Казахстан

E-mail: [everest-astana@mail.ru](mailto:everest-astana@mail.ru)

**Аннотация.** Понимание ограниченного характера природных ресурсов и взаимосвязанности всех экологических и экономических процессов, предотвращения различных факторов, возникающих в окружающей среде или негативно влияющих на окружающую среду, стихийных бедствий, которые, как ожидается, нанесут ущерб в будущем. Влияние современных технологий на окружающую среду настолько велико, что отражается на глобальном уровне. В Республике Казахстан экологический контроль и управление природопользованием осуществляется на самом низком уровне. Такая ситуация приводит к возникновению чрезвычайных ситуаций в зонах бедствий. А они, в свою очередь, вызывают значительные экономические затраты и самые новые и негативные факторы. Таким образом, использование, развитие и представление нетрадиционных подходов к решению потенциальных и существующих экономических и экологических проблем объясняют необходимость поиска новых путей развития страны. Следует отметить, что экологический аудит признан перспективным направлением деятельности.

**Ключевые слова:** аудит, аудит эффективности, планирование, природные ресурсы, охрана окружающей среды.

Аудит экологической эффективности - это анализ эффективности, производительности, экономичности, мониторинг различных изменений окружающей среды. Экологический аудит - новый институт для Казахстана. А для природопользователей это инструмент самоконтроля. Аудит экологической эффективности в Казахстане значительно усиливает контроль за экологической эффективностью, показывая свои уникальные преимущества.

Целью аудита в области охраны окружающей среды является формирование независимых, компетентных и объективных оценок мероприятий, направленных на направление окружающей среды и бюджетных средств, а также подготовка рекомендаций по следующим показателям:

- 1) вопросы, признанные и распознаваемые в объектах государственного